

Xiaomi Mi WiFi Range Extender Pro


СЫМСЫЗ СИГНАЛДЫ КҮШЕЙТКІШІ



Осы нұсқаулықпен мұқият танысып, оны аспаппен әрі қарай жұмыс істегенде анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Бұйым туралы ақпарат

Xiaomi Mi WiFi Range Extender Pro сымсыз сигналды күшейткіші (репитері) Wi-Fi үй желісінің жабу аймағын кеңейтуге арналған.



Индикатор Үнемі көк түспен жанып тұр: қалыпты жұмыс істеп тұр.

Көк түспен жыпылықтап тұр: жаңартылып жатыр.

Үнемі сары түспен жанып тұр: қосылуда.

Сары түспен жыпылықтап тұр: инициализация күтілуде.

Қызыл түспен жыпылықтап тұр: жабдықтың ақаулығы.

Арылту батырмасы Зауыттық теңшеулерін қалпына келтіру үшін, кемінде батырмасы 5 секунд басып ұстап тұрыңыз.

Орнатуы

- 1 Репитерді роутердің жанына орналастырыңыз. Оны қуат көзіне қосып, сары индикатор жыпылықтай бастағанша күтіңіз.



- 2 Mi Home қолданбасын жүктеу үшін QR-кодты сканерлеңіз немесе Mi App Store немесе Apple App Store қолданбалар дүкеніне өтіңіз. Mi Home қолданбасын ашып, қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз немесе Xiaomi Mi WiFi Range Extender Pro репитерін қосу үшін «+» түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



- 3 Параметрлер теңшелгеннен кейін көк индикатор үнемі жанып тұратын болады. Осыдан кейін параметрлерді жаңадан теңшемей-ақ, репитерді басқа орынға жылжытуға болады.

Жиі қойылатын сұрақтар

Xiaomi Mi WiFi Range Extender Pro репитері Wi-Fi желісінің жабу аймағын қалайша кеңейтеді?

Репитер Wi-Fi қолданыстағы желісінің сигналын күшейтуге арналған. Репитерді теңшеу алдында кеңейтілуі қажет желіні белгілеңіз және сізге Wi-Fi құпиясөзі белгілі екеніне көз жеткізіңіз.

Репитерлер эстафета жарысына ұқсас келетін қағидат бойынша жұмыс істейді: негізгі роутер мен репитер жарыстың қатысушылары, ал Wi-Fi сигналы — қатысушылар арасында берілетін эстафеталық таяқша іспеттес. Қосылған құрылғылар (мысалы, смартфон немесе компьютер) мәре сызығы болып табылады.

Қатысушылар эстафеталық таяқшаны қабылдап, оны мәре сызығына жеткізіп, Wi-Fi желісіне көбірек алаңды қамтуға мүмкіндік береді. Желіге неғұрлым көп репитер қоссаңыз, желіні жабу аймағы соғұрлым көбірек болады.

Xiaomi Mi WiFi Range Extender Pro репитері қалай басқарылады?

- 1** Егер сигнал әлсіз болса, репитерді роутер мен репитер арасында үлкен кедергілері жоқ басқа жерге ауыстырыңыз.
- 2** Егер репитер қосылмай тұрса, роутер Wi-Fi сигналын беретіндігіне көз жеткізіңіз. Егер роутер қалыпты жұмыс істеп тұрса, репитерді қайта іске қосып, әрекетті қайталаңыз.
- 3** Роутер репитерді қара тізімге енгізбегенін тексеріңіз.
- 4** Егер проблема шешілмесе, индикатор біркелкі сары түспен жанбайынша, арылту батырмасын кемінде 5 секунд ұстап тұрыңыз. Параметрлерді жаңадан теңшеп, қосылу әрекетін қайталаңыз.

Репитерді жаңа Wi-Fi желісіне қосу үшін параметрлерді қалай теңшеу керек?

Репитердің зауыттық теңшеулерін қалпына келтіріп, параметрлерді жаңадан теңшеңіз.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: Xiaomi Mi WiFi Range Extender Pro (артикулы: R03).

Максималды жұмыс температурасы: 40 °С.

Wi-Fi стандарты: 4 (802.11n).

Жиіліктер диапазоны (максималды қуаты):

2400 ~ 2483.5 МГц (100 мВт).

Кіріс кернеуі: 100-240 В, 50/60 Гц, 0,35 А.

Құрылғыны адамдардан кемінде 20 см қашықтықта орнатып, пайдаланыңыз.

Кепілдік қызмет көрсету тәртібі

Өндіруші құрылғының бүкіл кепілдік мерзімі ішінде ақаусыз жұмысына, сондай-ақ материалдарда және құрастыруда ақаулар болмауына кепілдік береді.

Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны сақтау ауа температурасы 5 °С... 40 °С аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада орындалуы тиіс.
Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. ықпал етуінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті қолданыстағы нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз етіп, Сіз қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін ықтимал зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақауы анықталған кезде дереу өкілетті сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Сяоми Тэкнолоджи Ко., Лтд.
Оффис Билдинг, № 68, Цинхэ Миддл Стрит, Хайдянь ауданы,
Пекин қ., Қытай.

Өндірістің/жасаушы-зауыттың филиалы: Сяоми
Коммьюникейшнз Ко., Лтд. 9F, 2-ші пав., Рэйнбоу Сити оф
Чайна Рисорсез, 68, Цинхэ Миддл көш., Хайдянь ауданы,
Пекин қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т
Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды
тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-
Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа,
гимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Сауда таңбасы: Xiaomi.

Құрылғының кепілдік мерзімі: 12 ай.

Құрылғының пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жиынтықтағы АКБ мен зарядтау құрылғысының кепілдік
мерзімі: 6 ай.

Жиынтықтағы АКБ мен зарядтау құрылғысының пайдалану
мерзімі: 12 ай.

Жиынтықтағы аксессуарлардың кепілдік мерзімі: 3 ай.

Жиынтықтағы аксессуарлардың пайдалану мерзімі: 6 ай.

Ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат, оның сыртқы түрі,
жиынтықтылығы және функционалы пайдаланушыны алдын
ала хабарландырусыз өзгертілуі мүмкін.